

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.01.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/66856/>

Ата-аналарға арналған тренинг

«Балауса» балабақшасы

Психолог: Оразбек Ақжүніс Аманбекқызы

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

Мақсаты: Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастық құру. Жас отбасы, балабақша білікті педагогтары мен көп балалы ата-аналардың тәжірибесі арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Бала тәрбиесінің маңыздылығы, психолог маманының ақыл-кеңестерін жүзеге асыру. Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

Міндеті: Ата-аналардың балабақшамен, тәрбиешілермен тығыз байланысын арттыру, балаларын білімге, сүйіспеншілікке, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

Қажетті құрал-жабдықтар: үлестірме қағаздар, А4 формат, қалам, майшам және т.б.

Әдістері: пікір алмасу, сұрақ-жауап, тест, психологиялық жаттығулар.

Тренинг құрылымы:

«Танысу» жаттығуы

«Қоқыс жәшігі» ойыны

Жедел тест

Қорытынды. «Майшам» жаттығуы

Психолог сөзі: Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар, әріптестер! Бүгінгі біздің «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» атты тренингімізге қош келдіңіздер! Біздер балабақша ұжымы мен ата-аналардың мақсат-міндеттері бір. Ол, әрине, балаларымыздың тәртіпті, білімді елі-жері мақтан ететін ұл-қыз өсіріп тәрбиелеу. Баланың ыстық-суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата-ана. Сондықтан да бүгінгі тренингіміз сіздер үшін.

«Танысу» жаттығуы

Ата-аналар шеңбер бойымен тұрып, әрқайсысы өзінің есіміне сын есім қосып және бала тәрбиесіндегі өнегелі сөздерді кезекпен айтып шығады.

«Қоқыс жәшігі» ойыны

Ойын шарты: Ата-аналарға қағаздар мен қаламдар беріледі. Сол ақ қағазға баласының бойынан көргісі келмейтін қасиеттерді жазады да, умаждап қоқыс жәшігіне салады. Әрине, мұндай тәсіл арқылы мәселелер өздігінен шешілмейтіні белгілі. Дегенмен, осындай серпілу арқылы ата-аналар бос уайымды артқа тастап, мәселелерді шешуге білек сыбана кіріседі.

Жедел тест

Қорытынды. «Майшам» жаттығуы

Қазір мен майшамды жағамын. Барлығымыз бір-бірімізбен бірігіп жұмыс жасағанымыз үшін бір-бір жылы сөз айтып, майшамды беріп отырамыз. Қоштасуға майшамды алғаным жарық деген жақсы нәрсе, сондықтан да аспаныңыз ашық, күндеріңіз жарқын болсын деген тілекпен, бүгінгі тренингімізді аяқтаймыз! Назарларыңызға рахмет!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.